КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 25 сәуір № 1112-25-00-2/975 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева
сот отырысының хатшысы Ш.Шарипованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент)

ЖАУАПКЕР:
«Луч-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Б.Демесинов, А.Х.Ахметов
жауапкердің өкілі А.М.Шаймергенов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Мемлекеттік сатып алу Веб-портал арқылы Департаментінің электрондық депозитарий бөлімінің қаралуына 2024 жылдың сәуір айында әлеуетті өнім беруші «Луч-2050» ЖШС-нің нөмірлері 3656058, 3655093,3655481 өтінімдері келіп түсті.

№3656058 өтінімі – «Тараз қаласында инженерлік желілері бар әкімшілік ғимараттың құрылысы, Тараз қаласы, мкр.«Жансая»уч.№5» объектіні пайдалануға қабылдап алу актісі 23.11.2023 жыл. Бас мердігер «Луч-2050» ЖШС, тапсырыс беруші «Batyrzhan Group» ЖШС.

№3655093 өтінімі - «Сыртқы инженерлік желілері бар 6-қабатты үйдің құрылысы (4 үйге қайта пайдалану) Тараз қаласындағы «Байтерек» микрорайондағы №1 үй» объектіні пайдалануға қабылдап алу актісі

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 05.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

13.11.2019 жыл. Бас мердігер «Луч-2050» ЖШС, тапсырыс беруші «Aqua project kz» ЖШС.

№ 3655481 өтінімі - «Сыртқы инженерлік желілері бар 6-қабатты үйдің құрылысы (4 үйге қайта пайдалану) №3 үй Тараз қаласындағы «Байтерек» микрорайондағы №9 участкесі» объектіні пайдалануға қабылдап алу актісі 23.11.2021 жыл. Бас мердігер «Луч-2050» ЖШС, тапсырыс беруші «Aqua project kz» ЖШС.

Талап қоюшы электронды депозитарийдің мемлекеттік сатып алу веб-порталында түскен өтінімдер «Расталды» туралы шешім қабылдады.

Талап қоюшы электронды депозитарийдің мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Расталды» мәртебесі бар әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін ішінара қайта тексеру барысында, құрылыс объектілерін есепке алуға қатысты тиісті мемлекеттік органдарға жолданған сұрау хаттарға, («Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалынан 2024жылғы 01 қазанда, Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармасынан 2024 жылғы 07 қазанда және Тараз қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімінен 2024 жылғы 03 қазанда) жоғарыда көрсетілген объектілер бойынша бас мердігер «Луч-2050» ЖШС-гі туралы мәліметтер жоқ екендігі туралы жауап хаттар түсті.

Талап қоюшы аталған жауап хаттарды Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне қайта тексеруге жіберген.

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінен тексеріс барысы мен қабылданған шешім туралы жауап келген жоқ.

2024 жылғы 05 қарашада Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінен әлеуетті өнім беруші «Луч-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электронды депозитаридағы жұмыс тәжірибесін растайтын №№3656058, 3655093,3655481 өтінімдердегі мәліметтерін анық емес ақпарат бергені үшін бұғаттау туралы өтініші «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне келіп түскен.

Департаментке 2024 жылдың 21 қарашасында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінен әлеуетті өнім беруші №№3656058, 3655093,3655481 өтінімдері бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынылуы себепті, бұғаттауға қою туралы өтініміне байланысты, аталған өтінімдер 2024 жылдың 13 қарашасында бұғатталғаның және осы себепті, әлеуметті өнім беруші «Луч-2050» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызын сотқа беру қажеттілігі туралы хат келіп түсті.

Талап қоюшы сотқа талап қоюын беріп жауапкерді анық емес ақпарат бергені үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды сұраған.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір ұсынып, онда талапты мойындамай, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартудың дербес негізі ретінде сотқа тиісті талап қою үшін заңмен белгіленген отыз күнтізбелік

Документ подписан: Беганбаева А. С., 05.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күндік мерзімнің талап қоюшы тарапынан өткізілуі болып табылатынын, себебі талап қоюшыға жауапкермен мемлекеттік сатып алу саласындағы заңды бұзғаны 2024 жылғы 01-07 қазан аралығында белгілі болғанын, алайда талап арызды сотқа тек 2024 жылғы 04 желтоқсанында бірақ бергенін, яғни заңда белгіленген 30 күнтізбелік күндік мерзім өтіп кеткенін көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, жауапкер тарапынан жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды, яғни талапты қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі талап қоюшының талабын мойындамай, талапты қарсы пікірінде көрсетілген түпкілікті мерзімді қолдану негіздермен қанағаттандырудан бастартуды сұраған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 11-бабы 1-тармағына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 12-бабы 4-тармағы 1-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді деп көзделген.

Заңның 12-бабы 4- тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті деп қарастырылған.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 98-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілер электрондық депозитарийді қалыптастыру және жүргізу кезінде анықталған әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы және оның

Документ подписан: Беганбаева А. С., 05.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

аумақтық бөлімшелері осындай факті туралы өзідеріне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап-арызбен жүгінеді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 3-тармағында бұл мерзімдер түпкілікті болып табылатыны, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылатыны көрсетілген.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы сотқа жауапкерді анық емес ақпарат бергені үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын беріп, оның негізіне жауапкердің электронды депозитаридағы жұмыс тәжірибесін растайтын «Сыртқы инженерлік желілері бар 6-қабатты үйдің құрылысы (4 үйге қайта пайдалану) Тараз қаласындағы «Байтерек» микрорайондағы №1 үй» (№3655093 өтінімі), «Сыртқы инженерлік желілері бар 6-қабатты үйдің құрылысы (4 үйге қайта пайдалану) №3 үй Тараз қаласындағы «Байтерек» микрорайондағы №9 участкесі» № (3655481 өтінімі), «Тараз қаласында инженерлік желілері бар әкімшілік ғимараттың құрылысы, Тараз қаласы, мкр.«Жансая»уч.№5» (№3656058 өтінімі) мәліметтері Комитетімен бұғатталғанын көрсеткен.

Жауапкер талап қоюшының талабымен келіспей, өзінің электронды депозитаридағы жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер анық екенін және талап қоюшы сотқа талап қою мерзімін өткізіп жібергенін көрсеткен.

Істі талқылау барысында талап қоюшының 2024 жылғы 29 қыркүйектегі хатпен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалына, Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармасына, Тараз қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөліміне «Луч-2050» ЖШС-нің жоғарыда аталған объектілер бойынша жұмыс тәжірибесін растауды және осы объектілер бойынша тіркелген (талон) кабылдау акілерінің саны мен көшірмесін жолдауды туралы сұраныс жібірелгені анықталды.

Талап қоюшының жолданған сұрау хатқа «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалынан 2024 жылғы 01 қазанда, Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармасынан 2024 жылғы 07 қазанда және Тараз қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімінен 2024 жылғы 03 қазанда жоғарыда көрсетілген объектілер бойынша бас мердігер «Луч-2050» ЖШС-гі туралы мәліметтер жоқ екендігі туралы жауап хаттар түсті.

Талап қоюшыға 2024 жылғы 01-07 қазан аралығында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалынан, Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармасынан, Тараз қаласы

Документ подписан: Беганбаева А. С., 05.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімінен жауапкердің анық емес ақпарат берген деген хабарлар келіп түсіп, сол күндері белгілі болған, ал талап қоюды сотқа талап қоюшы 2024 жылғы 04 желтоқсанында жолдаған.

Яғни, сот талап қоюшы жауапкердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу туралы фактісі белгілі болған күннен бастап, күнтізбелік отыз күннен кешіктіріп, сотқа тек 2024 жылғы 04 желтоқсанда бірақ жолдаған деп тұжырымдайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Дегенмен, талап қоюшы сотта талқыланған дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер табыс етпеді.

Істің мұндай тұрғысында, сот іске ұсынылған барлық дәлелдемелердің жиынтығына баға беріп, талап қоюшының талабы қанағаттандырудан бастартуға жатады деп табады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 223-226, 229 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Луч-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) прокурордың өтінішхаты беруі мүмкін.

Судья **А.С.Бегенбаева**

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 05.05.2025